

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Ақмола қаласындағы объектілерінің құрылысын қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 17 наурыздағы N 226

Тапсырысшысы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы болып табылатын Ақмола қаласындағы өтпелі объектілердің құрылысын мемлекеттік бюджеттің "1998 жылы Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91

P980091_ қаулысында көзделген қаражатының есебінен қаржыландыруда жеделдікті қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тапсырысшысы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы болып табылатын Ақмола қаласындағы өтпелі объектілердің құрылысын бюджеттік қаржының есебінен қаржыландыру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын уәкілетті банк болып "Тұрғынүйқұрылысбанкi" жабық акционерлік қоғамы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы "Тұрғынүйқұрылысбанкi" жабық акционерлік қоғамымен тиісті агенттік келісім жасассын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі